

XFTAP 16.41

Б.Н. Жұбатова<sup>1</sup>, Қ.Қ. Аубакирова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup>Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда,  
Қазақстан

(E-mail: <sup>1</sup>[bjubatova@gmail.com](mailto:bjubatova@gmail.com); <sup>2</sup>[a\\_kunduz87k@mail.ru](mailto:a_kunduz87k@mail.ru))

### Түркі-араб тілдік байланыстары: ортағасырлық лексикографиялық дереккөздердегі түркізмдер<sup>1</sup>

**Аңдатпа.** Мақалада ортағасырлық араб және түркі-қыпшақ тілдеріндегі жазба ескерткіштер негізінде мәмлүктер билігі тұсындағы (XIII-XV ғғ.) түркі-араб мәдени және тілдік байланыстары қарастырылған. Сонымен қатар этнолингвистикалық дереккөз ретінде мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштерге талдау жасалу арқылы араб тіліне енген түркізмдер анықталған. Бірнеше ғасырға созылған түркі-араб тарихи-мәдени байланыстарының нәтижесінде түркі тілінің араб тіліне ықпалы арта түсті. Мәмлүктер дәуірінде мәмлүк-қыпшақтары мен жергілікті халықтардың, сонымен бірге Алтын Орда мен Мысыр арасындағы жан-жақты қарым-қатынас түркі және араб тілдерінде, сонымен қатар екі тілдің диалектілерінде де кірме сөздердің пайда болуына әкелді. Мәмлүктер билігі кезінде жазылған шығармалардан бастап кездесетін араб тіліндегі түркі сөздері тек тарихи терминдер қатарын толықтырып қана қоймай, араб елдерінің диалектілерінде, ауызекі сөйлеу тілінде әлі күнге дейін қолданысқа ие. Бұл жергілікті халықтың рухани өміріндегі түркі тілі мен Дала мәдениетінің ізін көрсетеді.

**Түйін сөздер:** мәмлүктер, мәмлүк-қыпшақ тілі, кірме сөздер, араб тіліндегі түркізмдер, жазба ескерткіштер, грамматикалық еңбектер, сөздіктер.

DOI: <https://doi.org/10.32523/26-16-6887/2019-129-4-72-79>

Түркі-араб тілдік байланысының тарихи бастауларын араб зерттеушілері Осман империясының үстемдік құрған кезеңімен, яғни XVI-XIX ғасырлармен байланыстырады. Алайда Таяу Шығыста үстемдік құрған Осман империясынан бұрын өмір сүрген мәмлүктер билігі тұсында да түркі мәдениеті мен тілінің ықпалы орын алғанын сол кезеңдегі түркі сөздіктерінің жазылуы, әдебиеттің озық үлгілерінің түркі тіліне аударылуы сияқты мәдени үдерістер орын алғаны мәлім. Мәмлүктер кресттағушылардың Таяу Шығысқа бет алуына тосқауыл қойып, моңғол-татар шапқыншылығынан Бағдаттан кейін Мысыр мен Шамды жаулап алуына тойтарыс беріп, тоқтатты. Шам мен Мысырда мәмлүктер құрған мемлекет шамамен 250 жыл өмір сүргені тарихтан белгілі. XIII-XIV ғасырлардағы Шығыстағы ортағасырлық мемлекеттер арасында әлемдік сауда жолдарының тоғысында орналасқан Мысыр ерекше орын алды. Бұл мемлекеттің гүлденуі мәмлүктер билік құрған кезеңге тура келеді. Дәл осы кезеңде Мысыр араб-мұсылман әлеміндегі дін мен мәдениеттің орталығына айналды [1].

XIII-XIV ғғ. мәмлүктер ислам әлемі тарихындағы жаңа кезеңді ашты. Олар XIII-XV ғғ. халықаралық сахнада жетекші рөл атқарған дербес араб-мұсылман империясын құрды. Империядағы этникалық және конфессионалдық, тілдік жағдаяттар мәмлүктер тұсында түбегейлі өзгерді. Мәмлүктер билігі кезіндегі полиэтникалық Мысыр мәдениетінде түркі қабаты болғанын жазба деректер растайды. Осындай көпұлтты, көптілді қоғамда қыпшақ тілінің билеуші топтың - элитаның тілі мәртебесіне ие болғанын тарихшылар растайды

1 Ұсынылып отырған мақала ҚР БҒМ Ғылым комитетінің қаржыландыруымен орындалып жатқан АР05135424 «Мысыр мәдениетіндегі түркі-қыпшақтық қабат» ғылыми жобасы аясында орындалып, жарық көрде.

[2]. Бірнеше ғасырға созылған түркі-араб тарихи-мәдени байланыстарының нәтижесінде түркі тілінің араб тіліне ықпалы арта түсті. Мәмлүктер дәуірінде мәмлүк-қыпшақтары мен жергілікті халықтардың, сонымен бірге Алтын Орда мен Мысыр арасындағы жан-жақты қарым-қатынас түркі және араб тілдерінде, сонымен қатар екі тілдің диалектілерінде де кірме сөздердің пайда болуына әкелді. Бұл тілдік байланыс тілші ғалымдар назарынан тыс қалған жоқ. Әдеби араб тілі мен араб тілінің диалектілеріндегі (алжирлік, ирактық, ливандық, сириялық және мысырлық) түркі тілінен енген кірме элементтері араб ғалымдары тарапынан зерттеліп келеді. Мысалы, Мұхаммед бен Женеб өзінің «Араб тілінің алжирлік диалектісінде сақталған түркизмдер мен түркі тілі арқылы енген парсы сөздері» атты докторлық жұмысы қазіргі араб тілінің алжирлік диалектісіндегі түркизмдер мен түркі тілі арқылы енген парсы кірме элементтері сөз болады. Зерттеу жұмысының нәтижесі көрсеткендей, алжир диалектісінде кездесетін түркизмдердің саны 615-ке жетеді екен. Бұл сөздердің арасында түркі халықтарының ғана мәдениетіне тән ұғымдар мен атаулар кездеседі. Осындай зерттеу жұмыстарының қатарына Абдулкарим Абушуеребтің араб тілінің ливиялық диалектісіндегі түркі (зерттеуші оларды осман сөздері деп атайды) сөздері, Исмаил бен Алидің араб тілінің йемендік диалектісіндегі түркі сөздері, Т. Халасы Куннің араб тілінің сириялық диалектісіндегі осман тілінің лексикасы, Али Махфуздың араб тілінің ирактық диалектісіндегі, Ахмед Фуадтың мысыр диалектісіндегі, Ерик Прокоштың судан мен оман араб диалектісіндегі, Ерхан Түркіменнің ливиялық араб диалектісіндегі түркі элементтері жайлы зерттеу жұмыстарын атауға болады. Түрік ғалымы Б. Айташ жоғарыда аталған еңбектерде көрсетілген араб тіліндегі түркизмдерге талдау жасай отырып, араб тіліндегі түркі сөздерінің тізімін сөздік ретінде жариялаған. Аталған сөздікте араб диалектілерінде сақталған 941 түркі сөзі қамтылған. Бұл сөздердің қатарына 179 кәсіп атауы, 75 тағам атауы, 45 әскери термин, 24 антропоним, 40 топоним, 89 қару-жарақ атауы, 52 киім-кешек атауы, 8 туыстық атау, 13 жан-жануарлар атауы, 15 етістік, 97 сын есім жататындығы анықталды. Қалған 304 сөз түрлі тақырыптағы есім сөздер болып табылады. Ғалым осы жинақталған сөздерге кешенді талдау жасай отырып, түркі-араб тілдік қарым-қатынастарының нәтижесінде түркі тілінің араб тіліне ықпалын анықтап, араб тілінің түрлі диалектілік топтарында бірқатар түркизмдер сақталып қалған деп тұжырымдайды [3]. Ерик Прокоштың «Араб тілінің судандық және омандық диалектісіндегі түркизмдер» атты зерттеуінде түркі-араб байланыстары туралы қызықты мәліметтер беріліп, араб тілінің осы диалектісінде сақталған түркі сөздерінің саны 259 деп көрсетілген [4].

Йусуф Гедика өзінің «Шетел тілдеріндегі түркизмдер» атты еңбегінде әртүрлі тілдердегі түрікше сөздерді зерттей келе, түркі-араб тарихи-мәдени, саяси қарым-қатынастарының нәтижесінде араб тілінде бірқатар түркизмдер сақталып қалғандығын айтады [5]. Ахмет Атеш өзінің «Араб жазу тіліндегі түркі сөздеріне қатысты зерттеу» атты еңбегінде әдеби араб тілінде сақталған түркі тілінен енген сөздердің санын 539 деп көрсетсе, Хусейн Али Махфуз Бағдад араб диалектісінде 500 сөз сақталғандығын айтады [6]. Е.Е. Уининнің еңбегінде сириялық араб диалектісінде сақталған түркизмдердің фонетикалық, морфологиялық және семантикалық ерекшеліктері туралы айта отырып, түркизмдердің араб тіліне енуін осман тілімен байланыстырады [7, 26 б.].

Қазақ тіл білімінде қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздерін зерттеумен айналысқан Л.З. Рүстемов түркі тілдес халықтар тілінің араб тіліне тигізген әсері туралы «Араб тілінің кезінде Шығыс халықтары тіліне тигізген әсері мол болғаны рас. Алайда бұл тілдік құбылысты сыңаржақты процесс ретінде түсінуге болмайды. Түркі тілдес халықтардың тілі де (соның ішінде қазақ тілі де) өз кезегінде араб және парсы әдеби тілдеріне едәуір ықпал еткені тарихи деректерден жақсы мәлім» -деп, түркі тілінің де араб тіліне ықпалы болғанын көрсетеді [8, 9 б.].

Ұ.Т. Алжанбаеваның «Араб тіліндегі түркизмдер» деп аталатын ғылыми еңбегінің соңында қосымша ретінде берілген араб тіліндегі түркизмдердің тізімінде 230 сөз

көрсетілген. Автор зерттеу барысында түркі сөздеріне семантикалық талдау жасай отырып, «лексикалық элементтер араб тіліне ауысқанда негізінен өзінің алғашқы мағыналарын сақтап қалады, әйтсе де бірқатар жағдайларда, тілдің даму процесінде түркі сөздері ұлғаяды, тарылады немесе мүлдем басқа мағынаға ие болады» деген тұжырымға келеді. Араб тіліне шеттен ауысқан лексикалық элементтердің ішінде түркі сөздері көрнекті орын алады. Түркі сөздерінің араб тіліне ауысуы талай-талай ғасырларға созылған күрделі процесс болды. Э. Наджиптің айтуы бойынша, бұл процесс арабтар мен түркі тайпаларының тікелей араласа бастаған 636 жылдардан басталады. Билік құрудың ауыспалы кезеңдеріне (алдымен арабтардың түркі халқына үстемдігі, кейіннен қыпшақ мәмлүктерінің, олардан соң осман түріктерінің араб халқын билеуі) орай сөз ауысулары болып жатты. Бұл құбылыс VII ғасырдан XX ғасырға дейін созылды [9]. Осылайша, бірнеше ғасырға созылған түркі-араб мәдени-тілдік байланыстарының нәтижесінде түркі тілінің элементтері араб тіліне енген. Мәмлүктер билігі кезіндегі қыпшақ тілінің сарай тілі, османдықтар билігі кезінде түрік тілінің ресми тіл дәрежесіне дейін көтерілуінің нәтижесінде араб тіліне, әсіресе, оның жергілікті диалектілеріне түркі тілінің лексикасы күшті ықпал етті. Жалпы араб тіліндегі түркі сөздерін екі топқа бөліп қарастыруға болады: шығу төркіні бойынша таза түркі тілінен енген сөздер; басқа тілдің сөздеріне түркі тілінің элементтері жалғану арқылы жасалған сөздер. Бірінші топтағы сөздерге әртүрлі тақырыптық топқа жататын өмірдің түрлі салаларындағы түркі сөздері жатады. Ондай сөздердің қатарына тұтыну заттары, тағам аттары, кәсіптік құрал атаулары, металл атаулары, жер-су, елді-мекен атаулары, адам есімдері, туыстық атауларды білдіретін сөздер, әскери сөздер, дене мүшелері атаулары жатады. Екінші топтағы сөздерге көбіне араб, парсы тіліндегі сөздерге түркі тілінің *-шы, -ші, -лық, -лік, -лы, -лі, -сыз, -сіз* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалған сөздер жатады. Мысалы, *балтажы, түтінжі, бустанжы, дінсіз, митрахжы* және т.б.

Қоғамда орын алған түрлі жағдайларға байланысты араб лексикасының бастапқы мағынасының өзгеріске ұшырау үдерісі туралы В.М. Белкин былай дейді: «Араб-түркі контаминациясы араб сөздерінің түркілік қолданыс арқылы тілге қайта келу құбылысынан көрінеді. Түркі боданынан босағаннан кейінгі кезеңде араб елдерінде әкімшілік, заңдық, әскери терминологияда түркі тілінің әсерімен бастапқы мағынасы өзгерген сөздер қолданылады» [10, 109 б.]. Осылайша, мәмлүктер билігі кезінде араб тіліндегі кейбір сөздер түркі тілінің әсерінен қосымша жаңа мағынаға ие болған. Түркі-қыпшақ тілінің араб тіліне әсері ретінде кейбір парсы сөздерінің түркі-қыпшақ тілі арқылы араб тіліне ену құбылысын айтуға болады. Бұл құбылыс мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштерден де анық байқалады. Мәмлүктер дәуірінен жеткен жазба ескерткіштерде кейбір парсы сөздері түркі-қыпшақ сөздерімен қатар беріледі. Кейбір жазба ескерткіштерде сөздердің қай тілден енгендігі жайлы ақпарат берілсе, кейбір ескерткіштерде түркі-қыпшақ сөздерімен парсы сөздері аралас беріледі.

Араб және түркі тілдері арасындағы байланыстардың бірнеше ғасырлық тарихы бар екені анық. *Бірақ осы кезге дейінгі түркі-араб тілдік байланыстарына қатысты зерттеулердің көпшілігінде, әсіресе, араб және түрік ғалымдарының еңбектерінде түркі халықтарының Араб Шығысына әсері Осман империясындағы түркілер билігімен байланыстырылады.* Мысалы, мысырлық ғалымдар Хасан Халақ пен Аббас Сыйбақтың 1999 жылы Мысырда жарық көрген «Аййубилер, мәмлүктер мен османдықтар кезіндегі терминдер сөздігі» (АМОКТС) деп аталатын лексикографиялық еңбегінде түрлі тарихи кезеңдердегі – аййубилер, мәмлүктер мен осман түріктері билігі тұсында – қолданыста болған араб тіліндегі әкімшілік, әскери, саяси, экономикалық, әлеуметтік және тұрмыстық терминдер берілген. Бұл сөздіктің ерекшелігі сонда, автор кірме сөздердің қай тілден енгендігін арнайы белгімен көрсетіп, бұл сөздің қай дәуірде қолданыста болғаны туралы да мәлімет беріп отырған. Сөздіктегі 671 сөздің тұсына «түркі тілінен енген» деп белгі қойылған. Олардың ішінде басқа тілдегі сөздерге түркі тілдерінің элементтері, жұрнақ-

жалғаулары жалғану арқылы жасалған сөздер де кездеседі. Аталған сөздіктегі түркі тілінен енген сөздердің көпшілігі осман түріктерінің билігі кезінде қолданыста болды деп көрсетілген. Алайда бұл сөздер одан да бұрын, мәмлүктер билігі тұсынан бастап-ақ қолданыста болғанын анықтау мүмкіндігі туды. Бұл мүмкіндікті Мысырдағы мәмлүктер билігі тұсында жазылған сөздіктер мен грамматикалық еңбектер ұсынады. Бұл еңбектерді зерттеу арқылы алынған тілдік материалдар осыны растайды. Бұл жәдігерлердің авторлары өздері берген сөздердің қарапайым, күнделікті қолданыстағы бірліктер екенін ескерткен. Сондай-ақ олардың көбірек қолданылатынын, фонетикалық ерекшеліктерін де көрсетіп отыруға тырысқан. Осы арқылы ортағасырлық ескерткіштердегі түркі сөздерінің автор өмір сүріп отырған қоғамда үлкен қолданыста болғанын аңғару қиын емес. Мысалы, «Әл-Қауанин әл-куллия лидабт әл-луғати әт-туркийя» (XIII ғ.) ескерткішінің авторы (Аты жөні белгісіз) қолжазбаның сөздік бөлімінде былай деген:

ام نم درون لف هرافيت ساو هب قطاح ال رذعت ام لص فل اذه و ناي عال اءاسا يف سماخل لص فل  
 مداري ا ربتي

«Бесінші бөлім – атау сөздер. Бұл бөлімге жататын сөздерді толық қамту оңай емес. Сондықтан да, олардан барынша оңайларын келтіретін боламыз» [11, 65 б.].

Осы ескерткіштің авторы күнделікті қолданыста жүрген барынша оңай сөздерді көрсетуге тырысқан. «Әл-Қауанин» еңбегінің сөздік бөлімінде келтірілген сөздерді жоғарыда аталған АМОКТС-нен де табуға болады. АМОКТС-де берілген 671 түркізмге талдау жасау барысында 329 сөздің тұсына османдықтар дәуірі, 55 сөздің тұсына мәмлүктер дәуірінде қолданыста болғандығы туралы белгі қойылғанын анықтадық. Ал қалған сөздер аййубилер дәуірінде қолданылған немесе барлық дәуірге ортақ түркі сөздері болып табылады. Дегенмен терминдер сөздігінде жинақталған түркі тілінен енген сөздерді Әл-Қауанин – «Әл-Қауанин әл-куллия лидабт әл-луғати әт-туркийя» («Әл-Қауанин»), «Китаб әд-дуррат әл-мудийа фи әл-луғат әт-туркийя ала әт-тамам уә әл-камал» (Әд-Дурра), «Китаб маджмуа тәржүмән турки уә ажами уә муғули уә фарси» («Тәржүман») ескерткіштерінде келтірілген сөздермен салыстыру арқылы біз Осман дәуіріне жатқызылған көптеген сөздердің одан да бұрын, яғни мәмлүктер кезеңінен бастап-ақ қолданыста болғандығын анықтадық. Сондықтан түркі элементтерінің араб тіліне ену хронологиясын тек османдықтар билік еткен кезеңмен шектеп қоюға болмайды. Сөзіміз дәлелді болу үшін османдықтар тұсында енген деп танылып келген бірқатар сөздерді ортағасырлық мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштердегі лексикалық бірліктермен салыстыра ұсынамыз:

Араб тіліндегі түркізмдер	Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі сөздіктерде	Қазіргі қазақ тілінде
اغ [ağā] السرار [arsīlan] ي ش اب مطروا [orta başı]	«Әл-Қауанин», 53б «Әл-Қауанин», 69б «Әл-Қауанин», 68а	Аға Арыстан әскер басы
ي ج ليأ [elši]	«Тәржүман», 3а;	Елші
ي ح ط اب [baltaši] ق امش اب [başmaq] ي اب [bay] ك ي ب ، ك ب [bek] ش ات ك ب [bektaş] ن و ت و ث [tütün] ي ج ه و د [düyeşi] ن ا ع و د [duğan] ر ف ن س [sunqar]	«Әд-Дурра», 11а «Әл-Қауанин», 71б «Әл-Қауанин», 71б «Әл-Қауанин», 31а «Тәржүман», 31а «Тәржүман», 32а «Әд-Дурра», 2 б «Әл-Қауанин», 69б «Тәржүман», 31а «Әд-Дурра», 30 а	Балташы Бацмақ Бай Бек Бектас Түтін түйеши Сұнқар Сұнқар

ةكس، يكنوس [süñgi]	«Әл-Қауанин», 716	Сүңгі
لوق لوص وباق [qaru]	«Әл-Қауанин», «Әл-Қауанин», 66б;	сол құл Есік
ك ارق [qara köz]	«Әд-Дурра», 10б «Әл-Қауанин», 68а;	Қаракөз
قاچو [ošaḡ] قاري [yaḡaḡ] كوي [yük]	«Тәржүман», 30а «Әл-Қауанин», 71б «Тәржүман», 40б «Әл-Қауанин», 48а	Ошақ Жарақ Жүк

Келтірілген түркі сөздерінің Мысырда мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған сөздіктерде кездесуі олардың Мәмлүк сұлтандығының тұсынан бастап (XIIIғ.) қолданыста болғанын көрсетеді. АМОКТС авторы тек 55 сөзді мәмлүктер кезеңімен байланыстырады, алайда біздің зерттеуіміз олардың санының әлдеқайда көп екенін, яғни 173 сөзді құрайтынын анықтады.

Біздің назарымызды аударған тағы да бір сөздік – мысырлық ғалым Мұхаммед Ахмад Даһма құрастырған «Мәмлүктер дәуіріндегі тарихи атаулар сөздігі» (تاريخي راتلا ظافل ال م جمع) «يكنولملا رصعلا يف [mu‘ğamu-l-’alfāzi-t-tārīḥiijati fi-l-’aṣri-l-mamlūki]») натты терминдер сөздігі (1990) [12]. Автор бұл сөздікте мәмлүктер дәуірінде қолданылған тарихи сөздер мен олардың түсіндірмесін береді. Мұнда мәмлүктер билігі кезінде өмір сүрген тарихшы-жылнамашылардың еңбектерінде жиі қолданылған 891 сөз көрсетілген. Бұл еңбектің құндылығы сонда, автордың өзі атап кеткендей, сөздік ортағасырлық авторлардың XIII-XVI ғасырларға жататын араб тіліндегі 61 еңбегіне деректанулық зерттеу жүргізу арқылы жасалған. Солардың ішінде Сұлтан әз-Заһир Бейбарыстың жеке хатшысы болған Мұхиддин Ибн Абд әз-Заһирдің (1223-1292) сұлтан Бейбарысқа арнап жазған «Айқын патшаның өміріндегі гүлденген бақша» (رهاظلا كل امل ا قري س يف رهاظلا ضرورلا [ar-rauḡdu-z-zāhiri fi sīrati-l-mālik]) және 1279-1290 жылдар аралығын қамтитын сұлтан Қалауынның өмір жолы жазылған «Жеңімпаз патша өміріндегі күндер мен ғасырлар туралы аса құрметпен баяндау» (روصنملا كل امل ا قري س يف روصعلا و ماي ال ا في رشت) [tašrīfu-l-’aḥḡami ḡa-l-’uṣūri fi sīrati-l-māliki-l-maṣūr]), Бейбарыс әд-Дауадар әл-Мансуридің (1325 ж.к.б.) «Хиджра жылнамасындағы қаймақты ой» (زبدن) [zubdatu-l-fikrati fi tāriḥi-l-ḥiḡra]) атты 11 томды құрайтын шығармасы мен оның қысқартылған «Таңдамалы хабарлар» (رابخ ال رصتخم) [muḥtaṣaru-l-’aḥbār]), әл-Қалқашандидің (1355-1418) «Шығармашылықты жасаудағы соқырдың таңы» (حبص يشع ال اشن ال ا عانص يف) [ṣubḡu-l-’a-’šā fi ṣinā’ati-l-’inšā’]), әл-Мақризидің (1365-1442) «Мемлекет пен патшаларды танудың жолдары кітабы» (باتك) [kitābu-s-sulūki li-ma’rifati duḡali-l-mamlūk]), Әл-Айнидің (1361-1451) «Маржан моншақ» (نامزلا له ا خيرات يف نامزل ا دقع) [‘aqdu-z-zamāni-l-ḡumāni fi tāriḥi ’ahl]), Жәмал әд-Дин Абу әл-Мухасин Йусуф Ибн Тағри-Бердінің (1409-1469) «Мысыр мен Каир патшаларындағы айқын жұлдыздар» (ان نوجنلا قرهاقلا او رصم يف كولم) [an-nuḡūmu-z-zāhiratu ḡa-l-qāhiratu mulūk fi miṣr]), Мұхаммад ибн Ахмад Ибн Ийас әл-Ханафидің (1448-1524) «Ғасырлар оқиғаларындағы гүлдердің кереметтері» (عئاقو رومزلا عئادب يف) [fi badā’i-’u-z-zuhūri ḡaḡā’i-i-d-duhūr]) атты еңбектерінде кездесетін тарихи терминдер жинақталған.

Сөздіктегі 119 сөздің тұсында «түркі сөзі» (يكرت ظفل) [lafzun turkii] немесе قملكل (تكريتلا [al-kalimatu-t-turkiija]) деген белгі қойылған. Бұл сөздердің барлығы мәмлүктер билігі кезінде қолданыста болған терминдер деп танылған. Зерттеу барысында Ахмад Даһманың мәмлүктер билігі кезіндегі тарихи терминдер сөздігінің жанында «түркі сөзі» деген белгісі бар сөздерге ғана емес, сөздіктегі барлық сөздерге талдау жасай отырып, олардың ішінде тек 112 сөз түркі сөзі немесе түркі элементі бар сөз екендігі анықталды. Қалған 7 сөз түркі тілінде қолданылғанымен парсы немесе өзге тілдерден енген сөздер

болып шықты. Сөздікте тіркелген мәмлүктер билігі тұсында қолданыста болған 112 сөз – әртүрлі тақырыптағы түркі-қыпшақ лексикалық бірліктері. Олардың арасында араб сөзіне түркі жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалған жасанды сөздер де кездеседі. Мұндайда тізімдегі түркі сөздерінің түсіндірмесі қатар берілген. Сөздікте көрсетілген сөздердің көпшілігі мәмлүктер билігі кезіне жататын жоғарыда аталған «Әл-Қауанин», «Тәржұман», «Әд-Дурра» сияқты ескерткіштерде кездескен сөздерді қайталайды.

Белгілі бір тарихи кезеңдегі халықтар арасындағы мәдени-тілдік байланыстардың нәтижесінде бір тілден екінші тілге сөз ауысу үдерісі орын алады. Кірме сөздер, бөтен тілдік элементтер кез келген тілдің лексикалық қорында кездеседі. Араб тілінің лексикалық жүйесінде түркі тілінің кірме элементтерінің орын алу себептерінің бірі мәмлүктер кезіндегі түркі-араб мәдени-тілдік байланыстарының нәтижесі деп айта аламыз.

Үш ғасырға созылған түркі-араб мәдени және тілдік байланыстарының нәтижесінде қазіргі замандағы «МДТАС», «АМОКТС» сөздіктерінде 671 түркі сөзі жинақталған. Олардың арасында Османдықтар дәуірімен байланысты 192 түркизм мәмлүктер билігі кезінен бастап қолданыста болып, араб тілінің терминдер жүйесінен орын алған. Бір тілден екінші тілге өте сирек ауысатын тілдік категориялардың, сан есімдер мен етістіктердің араб тілінің диалектілеріндегі фразеологизмдердің құрамында көрініс табуы түркі-араб тілдік байланыстарының тереңдігін дәлелдейді.

Ежелгі заманнан бастау алған түркі халықтары мен арабтар арасындағы өзара байланыстар біздің заманымызға дейін сақталған жазба ескерткіштермен қатар халықтардың әдеби және ауызекі сөйлеу тілдерінен көрініс табады. Жазба ескерткіштер арқылы ғана түркі-араб халықтарының лексика-семантикалық, тарихи-мәдени байланыстарына сипаттама жасап, нақты әрі сенімді дәйектер келтіруге болады. Түркі сөздерінің араб тіліне енуіне халықтар арасындағы ұзақ ғасырлар бойғы мәдени-тілдік байланыстар ықпал еткен. Араб тіліндегі алғашқы түркизмдер мәмлүктер билігі кезінде дүниеге келген шығармаларда кеңінен кездеседі. Бұл ең әуелі арабтар мен түркі халықтарының арасындағы, нақтырақ айтсақ, Мысыр Мәмлүк мемлекеті мен Дешті Қыпшақ арасындағы саяси-дипломатиялық, экономикалық қатынастың дамуымен тікелей байланысты. Дәл осы уақытта араб елдері, әсіресе, Мысыр Мәмлүк мемлекеті түркі-қыпшақ тілінде сөйлейтін Дешті Қыпшақ халқымен тығыз байланыста болып, алғашқы аудармашылар мен қыпшақ тілінің мамандары пайда бола бастады. Осы кезде араб тіліне енген түркі кірме сөздері әлі күнге дейін қазіргі араб тілінің диалектілерінде қолданыста жүр, тіпті араб тілінің терминологиялық жүйесінен нықтап орын алған. Мұны қазіргі замандағы араб тілінің терминологиялық сөздіктерінде келтірілген тілдік материалдардан байқауға болады.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Mamlük. Islamic dynasty [Electronic resource]. - URL: <https://www.britannica.com/topic/Mamluk> (қаралған күні: 3.10.2019)
- 2 Батыршаұлы Б. Мысыр мамлүк мемлекетінің Дешті-Қыпшақпен байланыстары. XIII-XV ғасырлар. – Алматы: Экономика, 2005. – 652 б.
- 3 Bedrettin Aytaç. Arab lehçelerinde Türkçe kelimeler // TDAV y. – İstanbul, 1994. – 159 s.
- 4 Erich Prokosch. Osmanisches wortgut in Sudan-arabischen. Klaus Schwarz verlag. – Berlin, 1983. – 75 s.
- 5 Gedikli Y. Türkçenin yabancı dillerdeki on binlerce kelimesi [Электронды ресурс]. - URL: [http://www.ufukotesi.com/yazdūr.asp?yazi\\_no=20040223](http://www.ufukotesi.com/yazdūr.asp?yazi_no=20040223). (қаралған күні: 3.10.2019)
- 6 Ahmet Ateş. Arabça yazi dilinde türkçe kelimeler üzerine bir denemd // Türk kültürü araştırmaları. – 1965. – № 1-2. – S. 5-25.
- 7 Уининн Е.Е. Турецкие заимствования в языках восточно-средиземноморского ареала (языковые контакты на территории Османской империи): автореф. ... канд. филол. наук. – М., 2008. – 26 с.
- 8 Рүстемов Л.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. - Алматы: Ғылым, 1982, - 160 б.

9 Алжанбаева Ұ.Т. Араб тіліндегі түркізмдер (қазақ лексикасы бойынша). – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 145 б.

10 Белкин В.М. Арабская лексикология. – М.: Наука, 1975. – 200 с.

11 *ص 85. 1559 مقررلا. ةيناميلوسلا ةبتكلملا: لوبنطسا. ةيكرتلا ةغللا طبضلا ةيلكلا نيناولا*

12 *ص. 472. 1996. ةلاسارلا تسسسؤم: توريب. ةيخيراتلا باقلال او تاحلطصملا مرجع. بيطلخال ميركلا دب ع يفتصم*

**Б.Н. Джубатова<sup>1</sup>, К.К. Аубакирова<sup>2</sup>**

*<sup>1</sup>Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан*

*<sup>2</sup>Кызылординский государственный университет им. Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан*

### **Тюркско-арабские языковые контакты: тюркизмы в средневековых лексикографических источниках**

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются тюркско-арабские культурно-языковые контакты при мамлюкской власти в Египте (XIII-XV вв.) на основе средневековых арабских и тюркско-кыпчакских письменных памятников. В качестве этнолингвистического источника путем анализа письменных памятников на мамлюкско-кыпчакском языке были определены тюркизмы в арабском языке. Влияние тюркского языка на арабский язык возросло в результате многовековых тюркско-арабских исторических и культурных связей. В эпоху мамлюков разносторонние отношения между мамлюками-кыпчаками и местными народами, а также Золотой Ордой и Египтом, привели к появлению заимствованных слов в тюркском и арабском языках, а также в диалектах двух языков. Тюркские слова в арабском языке, которые встречаются в источниках, написанных при мамлюкской власти, не только дополняют ряд исторических терминов, но и до сих пор используются в диалектах и разговорной речи арабских стран, являясь доказательством влияния тюркского языка и степной культуры на духовную жизнь местного населения - египтян.

**Ключевые слова:** мамлюки, мамлюко-кыпчакский язык, заимствованные слова, тюркизмы в арабском языке, письменные памятники, грамматические труды, словари.

**B.N. Jubatova<sup>1</sup>, K.K. Aubakirova<sup>2</sup>**

*<sup>1</sup> Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

*<sup>2</sup> Korkyt Ata Kyzylorda State University, Kyzylorda, Kazakhstan*

### **Turkic-arabic language contacts: turkisms in the medieval lexicographical sources**

**Abstract.** This article discusses the Turkic-Arabic cultural and linguistic contacts under the Mamluk power (XIII-XV centuries) on the basis of medieval Arabic and Turkic-Kipchak written monuments. And also, as an ethnolinguistic source through the analysis of written monuments in the Mamluk-Kipchak language were identified turkisms in Arabic. The influence of the Turkic language on the Arabic language has increased as a result of centuries-old Turkic-Arabic historical and cultural ties. In the era of the Mamluks, diverse relations between the Mamluks-Kipchaks and local peoples, as well as the Golden Horde and Egypt led to the emergence of borrowed words in the Turkic and Arabic languages, as well as in the dialects of the two languages. Turkic words in Arabic, which are found in sources written under the Mamluk government, not only complement a number of historical terms, but are still used in dialects and in the spoken language of Arabic countries. This shows the trace of the Turkic language and steppe culture in the spiritual life of the local people.

**Keywords:** the Mamluks, Mamluk-Qypchaq language, borrowed words, turkisms in the Arabic language, written monuments, grammar works, dictionaries.

## References

1. Mamlük. Islamic dynasty [Electronic resource]. Available at: <https://www.britannica.com/topic/Mamluk> (Accessed: 23.09.2019 ж.)
2. Batyrshaulы B. Mysyr mamluk memleketinin Deshti-Qypshaqpen bailanystary. XIII-XV gasyrlar [Relations of the Egyptian Mameluke State with Desht-i-Kipchak. XIII-XV centuries] (Ekonomika, Almaty, 2005, 652 p.).
3. Bedrettin Aytach. Arab lehchelerinde Türkche kelimeler, TDAV y. (İstanbul, 1994, 159 p.).
4. Erich Prokosch. Osmanisches wortgut in Sudan-arabischen. Klaus Schwarz verlag (Berlin, 1983, 75 p.).
5. Gedikli Y. Türkçenin yabancı dillerdeki on binlerce kelimesi. [Electronic resource]. Available at: [http://www.ufukotesi.com/yazdür.asp?yazi\\_no=20040223](http://www.ufukotesi.com/yazdür.asp?yazi_no=20040223) (Accessed: 23.09.2019 ж.)
6. Ahmet Atesh. Arabcha yazi dilinde türkche kelimeler uzerine bir denemd, Turk kulturu arashtirmalari, 1-2, 5-25 (1965).
7. Yininn E.E. Turetskie zaimstvovaniia v iazykah vostochno-sredizemnomorskogo areala (iazykovye kontakty na territorii Osmanskoi imperii) [Turkish borrowings in the languages of the eastern Mediterranean area (language contacts in the Ottoman Empire)] Abstract of the candidate of philological sciences (Moscow, 2008, 26 p.).
8. Rustemov L.Z. Qazirgi qazaq tilindegi arab-parsy kirme sozderi [Borrowed Arabic-Persian words in the modern Kazakh language](Gylym, Алматы, 1982, 160 p.).
9. Aljanbaeva U.T. Arab tilindegi turkizmdler (qazaq leksikasy boiynsha) [Turkisms in Arabic (in Kazakh vocabulary)] (Qazaq universiteti, Almaty, 2001, 145 p.).
10. Belkin V.M. Arabskaia leksikologiiia [Arabic vocabulary] (Nauka, Moscow, 1975, 200 p.).
11. Al-Qauanin al-kulliya ldabti al-lugati at-turkiya (Al-maktaba As-Suluimaniya, Istanbul, 1559. - 85).
12. Mustafa abd al-karim al-hatib. Mugjam al-mustalahat ua al-alqab at-tarihiya (Muassat ar-risala, Beirut, 1996, 472 p.).

### **Сведения об авторах:**

**Жұбатова Б.Н.** - филология ғылымдарының докторы, Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының профессоры, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Әл-Фараби даңғ., 71, Алматы, Қазақстан.

**Аубакирова Қ.Қ.** - шетел тілдері және аударма кафедрасының аға оқытушысы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Әйтеке би көш., 29А, Қызылорда, Қазақстан.

**Jubatova B.N.** - doctor of Philology, Professor of the Department of the Middle East and South Asia, Al-Farabi Kazakh National University, Al-Farabi ave., 71, Almaty, Kazakhstan.

**Aubakirova K.K.** – Senior lecturer of the Department of Foreign languages and translation, Korkyt Ata Kyzylorda State University, Aiteke bi str., 29A, Kyzylorda, Kazakhstan.